

***Меңгеруші жанындағы
кеңес хаттамалары
2024-2025 оқу жылы***

27.09.2024 ж.

Қатысқандар саны - 10

Күн тәртібі:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысы
2. Бастапқы мониторинг қорытындысы
3. «Күз береке, күз мереке» ертеңгілігінің сценариімен танысу, бекіту
4. Жас мамандарға тәлімгерлерді бекіту
5. Семинар кестесін бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Джапарбекова Жақсыкүл «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру қорытындысымен таныстырып өтті.

Ересек «Күншуақ», «Жұлдыз», топтарында тәрбиешілер дамыту ортасын жабдықтаған, көрнекі құралдар бала санына сай түгелденген. Топты рәсімдеу эстетикалық талапқа сай. Балалар қауіпсіздігі ескерілген. Кітаптар мен ойыншықтар балалар көз мөлшерінде орналастырылған.

Сонымен бірге мына кемшіліктердің анықталғанын ескертті. Қоршаған ортамен таныстыру туралы альбомдар түрі аз. Әр топтың асхана, табиғат орталығы бойынша кезекшілік графигі бар. Кезекшілікке арналған заттар жиынтығы (алжапқыштар, үшкіл орамалдар, шөткелер, шүберектер, шелектер) бар.

«Балапан», «Ақкөгершін» ортаңғы топтарында орталықтарға бөлінген, жарықтандыру талапқа сай, ойыншықтармен толық қамтамасыз етілгенін айта келе анықталған кемшіліктерді ескертті: терезелер мен шкафтарда биік ойыншықтар мен гүлдер тұр.

Топтарда бөлмені желдету кестесі бар.

Меңгерушісі Джапарбеква .Ж орын алған кемшіліктерді алда орындау керектігін қадап айтты.

2.Тыңдалды Балабақша меңгерушісі Джапарбекова .Ж бастапқы мониторинг қорытындысымен таныстырып өтті.

Мониторингтің мақсаты мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау. Сонымен бірге бастапқы мониторинг өткен оқу жылындағы қорытынды мониторинг кезінде жасалынатынын айтып өтті. Балабақша бойынша мониторинг көрсеткіші – II деңгей болғанын айтып, алдағы жыл бойы жақсы нәтижелерге қол жеткізу керектігін айтып өтті. Тәрбиешілер келісім берді.

3.Тыңдалды«Күз береке, күз мереке молшылық» ертеңгілігінің сценариімен тәрбиешілер таныстырып өтті. Ортаңғы топта ертеңгілік сабан той түрінде жобаланған. Тақпақтар, әндер және сахналау бағдарлама талаптарына сай

дайындалған. Балаларға үлкендердің еңбегін құрметтеу, өз өлкесіне мақтаныш сезімдерін ұялату мақсаты қойылған.

«Балапан», «Ақкөгершін» ортаңғы топтарына арналған ертеңгілікте әндер, тақпақтар, билер бала жасына сай дайындалған. Ертеңгілікте сахналау, тосын сый сәттері жобаланған.

Балабақша меңгерушісі Джапарбекова.Ж топтардағы безендірілуіне тоқталып, күзгі өнімдерден яғни жеміс жидектер мен көкөністерден күз жәрмеңкесін ұйымдастыруды ұсынды. Бұл тапсырманы тәрбиеші Манабаева .Қ тапсырды. Ертеңгілікті қазан айының ішінде өткізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Қаулы:

1. «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер жойылсын.
- 2.Бастапқы мониторинг қорытындысы бойынша үлгілік бағдарламаны игеру II- деңгей. Бұл көрсеткіш жоғарылатылсын.
3. «Күз береке, күз мереке» ертеңгілігінің сценарийлері бекітілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Ж.Р.Джапарбекова

Халыкова.Ә

14.11.2024 ж.

Қатысқандар саны - 11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Шолу тексеру қорытындысы
«Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)»
3. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» сценарийімен танысу, бекіту
4. «Кел жаңа жыл, жаңа жыл!» ертеңгілігінің сценарийімен танысу , бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Джапарбекова.Ж өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Шолу «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанын, сондай-ақ топтарда білім саласы көрнекіліктерді көбейтілгенін айтып өтті.

2.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Джапарбекова.Ж «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру нәтижесіне тоқталып өтті. Балабақшада таңертеңгілік жаттығуларына арналған керекті құралдар жасалғанын және онымен жаттығулардың жасалып жатқанын айтып өтті. Дегенмен шынықтыру жаттығуларының түрлері көп қайталана жоспарланатынын, жүйелі жүргізілмейтініне тоқталды. Сонымен бірге керекті құралдар түрін көбейту керектігін, шынықтыру жаттығуларының картотекасын жасауды ұсынды. Сонымен бірге керекті әр айдың 1 аптасында затсыз, 2 аптасында затпен орындау жаттығулары жобалану керектігін ескертті. Тәрбиешілер айтылған кемшіліктің орынды екенін айтып, орындауға уәде берді.

3. Тыңдалды «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» сценарийімен балабақша тәрбиешілері таныстырып өтті. Ертеңгілік мақсаты балалардың туған елге деген сүйіспеншілігін арттыру, отанын сүю екенін айтып, туған ел туралы тақпақтар, әндер жобаланғанын айтып өтті.

Меңгеруші Джапарбекова.Ж балалар әндері мен тақпақтары бала жасына сай дайындалғанын айтып, Сонымен бірге зал ішін ертеңгілікке сай безендіруді шаруашылық меңгерушісіне тапсырды. Тәрбиешілер толық келісім берді.

4. Тыңдалды «Кел жаңа жыл, жаңа жыл» ертеңгілігінің сценарийімен ересек тобы тәрбиешісі Тулепбергенова Л таныстырып өтті. Ертеңгілік мақсаты балаларға мерекелік көңіл күй сыйлау, шыршаның қалай әдеміде сәнді безендірілгеніне балалардың Аяз атаның, ақшақардың карнавалдық киімдеріне назар аударту, көңілді ойындар ойнату тақпақ айтып, ән салып, би билеп түрлі кейіпкерлерді сомдай отырып сахналық қойылымдарды тамашалау. Бір біріне деген достық сезімдерін арттыру. Зал ішін ертеңгілікке сай безендіру үшін керекті жабдықтарды шаруашылық меңгерушісіне тапсырды. Топтарды безендіруге балық тәрбиеші белсенді қатыссын. Барлық тәрбиешілер келісті.

5.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Джапарбекова.Ж жылдық мақсатты орындау барысында балабақша ішілік семинар өткізілгеніне тоқталып өтті. Мақсаты: «Мектеп жасына дейінгі

Ұлттық тәрбие бесіктен басталады. Отбасындағы ата мен әженің, әке мен шешенің, апа-қарындас, аға-інінің бір-бірімен күнделікті өмірдегі қарым-қатынасы, мінез-құлқы – ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы екенін сөзге тиек етті балаға мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдеріс арқылы қазақстандық рухани құндылықтарға сай адамгершілік, мәдениет негіздері дариыды. Ұлттық мінез-құлық, талғампаздық, талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыру жайлы айтып өтті.

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер (Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығулардың жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы)» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктер орындалсын.
3. «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» атты сценарийі бекітілсін.
4. «Кел жаңа жыл, жаңа жыл» атты сценарийі бекітілсін.

Хатшысы: Халыкова.Ә



17.01.2024 ж.

Қатысқандар саны - 11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы
2. Аралық мониторингтің қорытындысы
3. «Ана өмір шуағы» мерекелік ертеңгіліктің сценарийімен танысу, бекіту

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Ж.Джапарбекова өткен кеңестің қаулыларының орындалуы туралы есебі. «Күн тәртібі бөліктері бойынша ашық көрулер»(Күн тәртібіндегі таңертеңгілік жаттығуларының жобалануы және гигиеналық талаптардың орындалуы) өтілуі бойынша анықталған кемшіліктер өз уақытында орындалып жатқанын айтып өтті. Таңертеңгілік жаттығулары картотекасы жасалды, оған арналған керекті құралдар жасалғанын айтып өтті. Сонымен бірге меңгеруші Ж.Джапарбекова «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды. Ертеңгілікке топтар белсенді қатыстырылды. Тақпақтар, әндер Қазақстан Республикасы туралы таңдалған. Балалар әнді көтеріңкі көңіл күймен орындады.

Балаларға патриоттық тәрбие беру негізі қалыптасты деп бағалауға болатынын айтып өтті.

2.Тыңдалды меңгеруші Ж.Джапарбекова аралық мониторингтің қорытындысы бойынша балалардың білім сапасын анықтау, индикаторлар жүйесі бойынша есебі тыңдалды. Бастапқы мониторинг қорытындысына қарағанда аралық мониторинг қорытындысы бойынша жақсы нәтижелерге көрсетіп көрініп тұр деді

Мониторинг барлық топ балаларымен жүргізілді.

3.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Ж.Джапарбекова өз сөзінде балабақша медбикесі Қ.Мактукуловаға 2024 – 2025 оқу жылының қаңтар айында әр топ ата – аналарымен кезекті жиналыстарына қатысқандығын айтты. Ондағы мақсаты: ата – аналарға бала тазалығы және кейбір аурулардан сақтану үшін әртүрлі тақырыптарда баяндамалар оқылды. Атап айтатын болсақ, «Суық тимесін» тақырыбындағы баяндамасын 4 топқа да оқығандығын айтты. Себебі, қыс мезгілінің осы қаңтар айы кездеріндегі суық балаларды ауыртады. Балаларды жылы киіндіріп әкелу, гигиеналық тазалық шараларын сақтау басты назарда болуын ескерте отырып, егер бала ауырған жағдайда бірден бізге ескертіп немесе

